

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті**  
**Ғылыми кеңесінің №17 мәжілісінің**

**ХАТТАМАСЫ**

Қызылорда қ.

23.02.2026ж, сағат: 11.00

Қатысқандар: Ғылыми Кеңес мүшелері қатысу парағына сәйкес.

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Ғылыми кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаева).
2. Қаржылық тұрақтылық пен тиімділік: 2025 жылғы университет қызметінің нәтижелері (Экономика және қаржы департаменті директоры Нурлан Жеткергенович Уразбаев).
3. «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Жетекшісі Нұрғали Икрамұлы Акылбеков).
4. «Археология және этнография» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Жетекшісі Сейдалы Өміртайұлы Билалов).
5. «Шоқайтану» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Жетекшісі Сағат Тамшыбайұлы Тайман).
6. «Т.Д.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының» 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Жетекшісі Гүлмира Мыңбайқызы Абызбекова).
7. Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылының бірінші жартысында қабылданған қаулыларының орындалуы туралы (Комиссия төрағасы Әлібек Бақытжанұлы Жаппасбаев).
8. Монография, оқу құралдарын бекітуге ұсыну (Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағанова).
9. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне қауымдастырылған профессор дәрежесі қызметіне үміткерді ұсыну (Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағанова).
10. 2025-2026 оқу жылындағы қысқы қабылдау бойынша 1 курс магистранттар мен докторанттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту, қайта тағайындау және бекітілген тақырыптарға өзгерістер енгізу туралы (Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағанова).

11. Босаған білім грантын қайта тағайындау конкурсына ақылы негізде оқитын университет студенттерінің құжаттарын ұсыну туралы (Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы Дина Мұратқызы Жарылғапова).

12. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ ғылым және білім беру саласындағы зор үлесі мен білікті мамандар даярлаудағы жетістіктері үшін университет профессор-оқытушылар құрамын марапаттауға ұсыну туралы (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаева).

**Төраға:** Қайырлы күн құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Бүгін Ғылыми кеңестің №17 мәжілісінің жұмысын бастауға мүшелердің 38 құрам санының 33 қатысып отыр. Қалғандары дәлелді себеппен қатыса алмай отыр. Ғылыми кеңес жұмысын жүргізуге кворум бар. Сіздерден қандай ұсыныс болар екен?

**Б.Қожамберлиев:** Ашылсын.

**С.И.Қошқаров:** Ашылсын.

**Төраға:** Сіздердің тараптарыңыздан «Ашылсын» деген ұсыныс түсті. Ғылыми Кеңес мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібін бекітуге дауыс берулеріңізді сұраймын.

**Қолдаушылар – 33 адам,**

**Дауыс беру нәтижесі: иә-33, қарсы, қалыс жоқ.**

1. Күн тәртібі бекітілсін.

**Төраға:** Бүгінгі Ғылыми кеңестің күн тәртібінде 12 мәселе қаралады: университеттің қаржылық есебі, ғылыми орталықтар мен зертханалардың жұмысы, ғылыми атақтар мен диссертация тақырыптарын бекіту және Ғылыми кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы.

Күн тәртібі және қарастырылатын сұрақтардың мәліметтері сіздерге алдын-ала танысу үшін таратылған болатын.

Регламент: Әр баяндамашыға 5-7 минут, сұрақ-жауапқа 3 минут уақыт бөлінеді.

1. Ғылыми кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаева).

**Төраға:** Бүгінгі Ғылыми Кеңестің күн тәртібіндегі бірінші сұрақ Ғылыми кеңес құрамына өзгерістер енгізу бойынша Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға сөз беріледі.

**М.А.Бурибаева:** Қайырлы күн құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Назарларыңызға «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ ғылыми кеңесі туралы ереже (Басқарма Төрағасы-Ректордың «33»12.2025ж. №763-а бұйрығымен бекітілген) негізінде 2025-2026 оқу жылы бойынша Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Ғылыми Кеңесінің (әрі қарай-Университет) құрамы туралы 22.09.2025жылғы №564-а бұйрығына өзгеріс енгізуді ұсынамын: Б.С.Каримованың (Негіз: 04.12.2025ж. №72-Ж/Қ бұйрығы) басқа қызметке ауысуына байланысты орнына Ғылыми кеңестің Төрағасы болып Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты Н.С. Байқадамов бекітілсін (Негіз: ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 10.02.2026 ж. №9-ж/қ бұйрығы).

Назарларыңызға рақмет!

**Төраға:** баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

Ғылыми Кеңес мүшелері ұсынысты қолдау туралы пікірлерін білдірді.

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1.Университеттің 2025 жылғы 22 қыркүйектегі №564-а «Ғылыми кеңес құрамын бекіту туралы» бұйрығына келесі өзгерістер енгізілсін:

1.1. Каримова Бейбиткуль Сарсемхановнаның басқа қызметке ауысуына байланысты Ғылыми кеңес құрамынан шығарылсын (Негіз: 04.12.2025 ж. №72-ж/қ бұйрығы).

1.2. Ғылыми кеңестің Төрағасы болып Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Байқадамов Наурызбай Сейітқалиұлы бекітілсін (Негіз: ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 10.02.2026 ж. №9-ж/қ бұйрығы).

2.Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

2. Қаржылық тұрақтылық пен тиімділік: 2025 жылғы университет қызметінің нәтижелері (Экономика және қаржы департаменті директоры Нурлан Жеткергенович Уразбаев).

**Төраға:** Бүгінгі Ғылыми Кеңестің кун тәртібіндегі **екінші** сұрақ бойынша Қаржылық тұрақтылық пен тиімділік: 2025 жылғы университет қызметінің нәтижелері туралы баяндау үшін сөз Экономика және қаржы департаменті директоры Нурлан Жеткергенович Уразбаевқа беріледі.

Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаев 2025 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы баяндама жасады.

**Н.Ж.Уразбаев:** Табыс көлемі 9 млрд 377 млн 443 мың теңгені құрады. Оның 64%-ы республикалық бюджет, 36%-ы бюджеттен тыс қаражат. Жалақы қоры шығыстардың 57%-ын құрады. Материалдық-техникалық базаны дамытуға 864 млн теңгеден астам қаражат жұмсалды. 2025 жылы жалпы сомасы 442 365,2 мың теңгеге зертханалық жабдық сатып алынды. Материалдар қосымшаға сәйкес кестелерде берілді.

№	Индикатор аталуы	саны	2025 жыл (жоспары)	2025 жыл (факт/ оценка)	Айырма %
1	«Университеттің жалпы кірісіндегі университетті дамытуға тартылған инвестициялар көлемі, оның ішінде эндаумент қоры аясында»	Мың теңге	28498	54983,9	192,9
2	«Ғылыми жабдықты жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі»	%	0,5	0,68	136
3	«Кітапхана қорын жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі»	%	0,3	0,44	146,6
4	«Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға бағытталған инфрақұрылымды құру мен дамыту үшін тартылған қаражат көлемі»	Мың теңге	3000	3370	112,3

Университеттің 2025-2029 жылдарындағы Даму жоспарының 2025 жылғы бөлігінде жалпы саны 58 индикатор енгізілген. Оның ішінде атап айтқанда: Меншікті айналым қаражаттарының мөлшері меншікті капитал мен оның ұзақ мерзімді активтері арасындағы айырма ретінде есептеледі. Есепті кезеңнің соңында ағымдағы өтімділік коэффициентінің мәні-2,1, меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициентінің мәні-0,6 тең. Ағымдағы өтімділік коэффициенті мен меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз ету коэффициентінің мәндері университеттің төлем қабілеттілігін көрсетеді.

Назарларыңызға рақмет!

**Төраға:** Құрметті Ғылыми Кеңес мүшелері баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

**Н.О.Аппазов:** Жаңа эндаумент қоры жөнінде айттыңыз, сол эндаументке түскен ақша ма?

**Н.Ж.Уразбаев:** Эндаумент қорына инвестициялауға университетте бірнеше адам қорға өз айлығынан ақша аударған. Солардың есебінен

жинақталды. Бірақ әзірге аздау, жалпы бұл дәстүр енді ғана басталып келеді.

**Төраға:** Қосымша тағы кімде қандай сұрақ бар? Жалпы Нурлан Жеткергенович былтыр жоспарланып атқарылмай, игерілмей қалған қаржылар бар ма?

**Н.Ж.Уразбаев:** Жаңа атап өткендей бюджет толық игерілді. Бюджеттен тыс қаражат негізінде жоспарланған Н.С.Құлмырзаев ұсынысымен берілген ұшқышсыз ұшу аппараттарына конкурс жарияланған болатын, бірақ конкурсқа ешкім қатыспады, объективті себептерге байланысты «Деректер өңдеу орталығының (ЦОД)» дайын болмауы, сонымен қатар, моноблоктарға ұсыныс берілген, ақпан айының аяғына дейін орындалады деген есебіміз бар.

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. 2025 жылғы Университеттің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебі назарға алынсын.

2. Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және ІТ жөніндегі проректор М.Ж.Айтимовке, Экономика және қаржы департамент директоры Н.Ж. Уразбаевқа, инфрақұрылымды дамыту департамент директоры Ғ.К.Утегеновке ғимараттарға жөндеу жұмыстарын жүргізіп жабдықтау, оқу ғимараттары мен жатақханалардағы санитарлық-гигиеналық, цифрлық және өрт қауіпсіздігі нормаларының сақталуын тұрақты бақылауға алу және коммуналдық ресурстардың (электр, су, жылу) үнемделуі мен тиімді пайдалануын тұрақты түрде қадағалау тапсырылсын.

3. Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға, Экономика және қаржы департамент директоры Н.Ж.Уразбаевқа университеттің штаттық кестесі мен құрылымын оңтайландыру бойынша 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін нақты ұсыныстар дайындау тапсырылсын.

4. Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға, Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және ІТ жөніндегі проректор М.Ж.Айтимовке, Экономика және қаржы департамент директоры Н.Ж.Уразбаевқа университет ғалымдары дайындаған инновациялық жобалар мен технологияларды коммерцияландыру арқылы қаржы тарту, аймақтағы өндіріс орындарымен, ақылы кустар, семинар-тренинг, мастер-кластар

ұйымдастыру, ірі мұнай компанияларымен әріптестік байланыс негізінде университеттің оқу-зерттеу зертханаларын бірлесе пайдалана отырып, қаржы тарту, эндаумент қоры жұмысын дамыту, цифрлық сауаттылық курстарын жүргізу тапсырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі - стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор М.Ж.Айтимовке жүктелсін.

**3.** «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Жетекшісі Нұрғали Икрамұлы Ақылбеков).

**Төраға:** Кун тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебін баяндау үшін сөз Зертхана Жетекшісі Нұрғали Икрамұлы Ақылбековке беріледі.

Зертхананың жетекшісі Н.И.Ақылбеков 2025 жылы атқарылған ауқымды жұмыстары туралы хабарлама жасады.

**Н.И.Ақылбеков:** «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебін назарларыңызға ұсынамын.

Есептің негізгі көрсеткіштері:

- Ғылыми жобалар: Зертхана базасында 8 ірі гранттық жоба (ҚР ҒЖБМ ҒК қаржыландыруымен) және Еуроодақтың «Горизонт 2020» (PhytoAPP) халықаралық жобасы іске асырылуда.
- Ректор гранттары: Университет ішілік гранттар аясында зертхананың 8 жас ғалымы жалпы құны 13 млн теңгеден астам (1 млн-нан 2 млн теңгеге дейін) қаржыландырылатын жобаларды жеңіп алған.
- Жарияланым белсенділігі: Scopus және Web of Science базаларында 29 жоғары рейтингілі мақала (соның ішінде Q1, Q2 журналдары) жарияланған.
- Зияткерлік меншік: 2025 жылы 8 патент (пайдалы модель) және 1 авторлық куәлік алынған.
- Коммерцияландыру: Сарқынды суларды тазарту және топырақ анализі бойынша «SAB equipment» ЖШС және Сәтбаев университетімен келісімшарттық негізде ақылы қызметтер көрсетілген.
- Кадрлық әлеует: Н.О. Аппазов пен Н.И. Ақылбеков Ұлттық ғылыми кеңес (ҰҒК) құрамына қабылданды. Жетекші ғалымдардың Хирш индексі (h-index) 10-ға жетті.

Назарларыңызға рақмет!

**Төраға:** баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

**Қ.А.Бисенов:** ақылы қызмет көлемін айтыңызшы? Институт ашу туралы айттыңыз, оның құқықтық мәртебесі қалай болады?

**Н.И.Ақылбеков:** ақылы қызмет көлемі 675 млн құрады, ал зертхана институт ретінде университет құрылымындағы институт болып ашылады. Зертхананың ғылыми әлеуеті жетеді.

**Н.О.Аппазов:** ақылы қызмет көлемі сырттан келетін ұсыныс көлемінің негізінде жасалады. Құрылғыларды жоба есебінен аламыз бірақ үлкен қаражат тұратын құрылғыларды қаражат көлеміне байланысты ала алмаймыз.

**Б.Қ.Қалиев:** Халықаралық ғылыми зерттеу институттарымен байланыс қаншалықты?

**Н.И.Ақылбеков:** Иә, шетелдік профессорлармен ұдайы электронды байланыстамыз.

**Н.Ж.Уразбаев:** ақылы қызметті ұлғайту үшін қандай жұмыстар жүргізу керек?

**Н.И.Ақылбеков:** ақылы қызметті ұлғайту үшін жаңа қондырғылар алуға университет тарапынан көмек керек деп ойлаймын.

**И.А.Таутенов:** коммерцияландыру марал шаруашылығы өнімдерімен жүргізілген ғылыми жұмыстар туралы сұрайын деп едім?

**Н.О.Аппазов:** марал мүйізінен экстракт өнімдерінен алынған антиоксиданттар бойынша жоба ғылым қорынан былтыр ұтып алынды. Сатып алынған қондырғылар толық іске осы жылдың аяғында қосылады. Келесі жылдың басында өнім алу жоспарлап отырмыз.

**Қ.А.Омаров:** Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршы журналының мерзімінде баспаға жариялануына аса мән берілуі керек.

**Н.О.Аппазов:** Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршы (Химия ғылымдары сериясы) журналының жауапкершілігі менде. Мақала жинақтау қиындау, дегенмен өз күшімнен даярлап жатырмыз.

**Төраға:** Тағы қандай сұрақтар бар екен? Өздеріңіз білесіздер жаңа конституция жобасында ғылым, білім, инновация бөлімдері бар және ғылымды коммерцияландыру мәселесі ерекше орны алады. Үкіметте арнай отырыс болды. Жергілікті жердегі ЖОО мен жергілікті атқару билігі арасында ғылымды дамытуға байланысты мәселе қаралды. Соған байланысты облыстағы Ғылыми кеңестің жетекшісі әкімнің өзі болады және әкім рейтингіне кіреді. Жақын күндері ғылыми кеңес болады және хатшылыққа университетіміздің құрамынан бір проректорды кіргізуге ұсыныс бердік. Бізде ғылыми орта болғандықтан Ғылыми кеңесте қаралатын мәселелерді қарастыруда ортақ пікірге келгендей болдық. М.А.Бурибаевамен бірлесе көптеген жобаларды жинақтап жатырмыз. Сонымен қатар, ғылыми қызметкерлердің жалақысы парламентте де қаралған, яғни ғылыми жобалар есебінен оңтайлы шешілуі керек деген шешімге келген болатын. Ол мәселе де біздің назарымызда болады.

Сонымен қатар, Нұрбол Орынбасарұлы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршы (Химия ғылымдары) журналының мерзімінде баспаға жариялануына аса мән берілуі керек. Дәстүрлі журналымыздың Республика көлемінде жақсы аты бар, талай ғалым диссертациясын қорғауына мүмкіндік алған. Осы журналдың рейтингісін көтерудің жолын қарастыруымыз керек шығар. Шет елдік журналдарға өте көп мақала жариялайды екенсіздер. Біздің де журналды Комитет ұсынған журналдар баспасы тізіміне енгізу жұмыстарын қолға алуымыз керек.

2024-2025 оқу жылында жоғары рейтингілі журналда баспаға беру жылдам көтерілген, осының себебі қандай? Көп докторанттардың қорғауы қиын болып жатыр. Сідерде қалай болып жатыр?

**Н.И.Ақылбеков:** Мұнда қаржыландыру мәселесіне байланысты гранттық жобалардың есебінен мақалалар жылдам шыға бастады. Жас ғалымдарға арналған Ректор грантын жеңіп алғанымыз бар, соның есебінен көтерілді.

Құрметті әріптестер! Басқа сұрақтар болмаса қаулы жобасын қарастырсақ

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасының 2025 жылғы ғылыми-зерттеу қызметі туралы есебі назарға алынсын.

2. 2024-2026 жылдарға арналған 5 жоба бойынша зерттеу жұмыстарын 2026 жылдың 15 қарашасына дейін аяқтау Зертхана жетекшісі Нурғали Икрамұлы Ақылбековке тапсырылсын.

3. Зертхананың ақылы қызмет көрсету көлемін арттыру мақсатында өңірлік өндіріс орындарына жарнамалық ұсыныстар дайындау және патенттелген «Күріш қауызынан адсорбент алу» технологиясын өндіріске енгізу бойынша инвесторлар іздеу жұмыстарын жүргізіп 2026 жылдың 15 қарашасына дейін аяқтау Коммерцияландыру бөлімінің бастығы Нуржан Басқосқанұлы Еділбаевқа жүктелсін.

4. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы» (Химия ғылымдары сериясы) журналының ғылыми рейтингін көтеру мақсатында сапалы ғылыми мақалаларды осы журналға жариялау және баспадан шығарылуын қадағалау Журналдың редакция алқасына жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

4. «Археология және этнография» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Жетекшісі Сейдалы Өміртайұлы Билалов).

**Төраға:** Кун тәртібіндегі **төртінші** сұрақ бойынша Археология және этнография ғылыми орталығының 2025 жылғы атқарылған жұмысы туралы Орталық жетекшісі Сейдалы Өміртайұлы Билаловқа сөз беріледі.

**С.Ө.Билалов** Археология және этнография орталығының есебін баяндады. Орталықтың мемлекеттік лицензиясы бар екені, кадрлық әлеуетінде 2 PhD докторы бар екені және халықаралық (Германия, Лондон) гранттарға қатысу жоспарланғаны туралы айтылды. Орталықта 2025 жылы 2 қызметкер (С.У. Билалов, Г.Т. Амиргалина) PhD докторлық диссертациясын сәтті қорғап, кадрлық әлеует нығайды. Жалпы құны 85 млн теңгеден асатын гранттық, халықаралық және шаруашылық келісім-шарт жобалары іске асырылуда. Сонымен қатар, Оксфорд, Тюбинген сияқты әлемдік жетекші университеттермен халықаралық байланыстар жолға қойылған. Дегенмен, орталықтың материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту және табылған жәдігерлерді ғылыми өңдеу сапасын арттыру мақсатында әлі де жұмыстар аса маңызды болып табылады.

Ғылыми кеңес құрамы Археология және этнография ғылыми орталығының есебін тыңдап және талқылай келе, Орталықтың университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін арттырудағы, аймақтың тарихи-мәдени мұрасын зерделеудегі және білім алушылардың кәсіби біліктілігін шыңдаудағы жұмысын оң бағалады.

Назарларыңызға рақмет!

**Б.Қожамберлиев:** Орталық атауы Археология және этнография ғылыми орталығы болуына байланысты археологиямен айналысып жүрсіздер, ал этнографиямен кім айналысады?

**С.Ө.Билалов:** Археология саласы зерттеуіміздің негізгі объектісі болып табылады.

**М.А.Бурибаева:** рұқсат болса мен айта кетейін осы Сейдалы Өміртайұлы бастаған орталықтың жұмысының нәтижесі айтарлықтай бар, университетің имиджін көтеріп келеді, орталық қызметкері Г.Амиргалина Тюбинген (Германия) университетінде Жанкент керамикасы тақырыбында диссертациясын неміс тілінде қорғады және бекітуін күтіп отыр. Диссертациясын неміс тілінде қорғаған алғашқы қазақ қызы, археолог. Бұл да айтарлықтай нәтиже деп есептейміз және этнографиямен байланысты.

**Төраға:** баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

**И.А.Таутенов:** Жуық арада облыстық бюджеттен алатын тапсырма, жобалар бар ма?

**С.Ө.Билалов:** 2014 жылдан бастап Жанкент ескерткішін және Сұлутөбе ескерткішін, жалпы облыс бойынша ерте орта ғасырлық ескерткіштеріне

байланысты зерттеулерді біздің орталық орындап отырады, келер жылға да жоспарланған. Жоба құны 7 млн теңгені құрайды.

**Төраға:** Баймырза Қожамберліұлының пікірі орынды этнографиямен де айналысуымыз керек. Бұрыннан универсиетіміз РФ ғылыми зерттеу институттарымен байланыс орнату арқасында жақсы кадрлар даярланды. Біздің кадрлар мысалы Азимхан Астанадағы Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық институтын басқарады. Қызылордалық археологтардың аты жақсы жағынан шығып жүр. Этнографияға да көңіл бөлінуі керек. Осы бағытта Қорқыттану ғылыми орталығы да айналысады. Ғылыми бағыты бірге болғандықтан айтып отырған пікірі дұрыс. Сонымен қатар, И.А.Таутеновтың де пікірі дұрыс 2015 жылы университет облыстан археология саласына жобаларға арнайы қаржы бөлдірген, сол ақшаның көлемімен келе жатырсыздар. Одан кейін біраз уақыт өтті, нарықтық ортаға ыңғайлап қайта есептетуіміз керек. Ертеңгі әкім басқаратын ғылыми кеңеске жаңа сметасын ұсыну керексіздер. Былтыр маусым айында заңға өзгерістер енгізілуіне байланысты ескерткіштерді реставрация жасау және қорғау мәселесі жергілікті атқару билігіне ұсынылған. Жобаға қосымша ақша алу мәселесін дәлелдеуіміз керек. Осы мәселемін бірлесе жұмыс жасауымыз керек. Қызылорда қаласындағы кешегі көшпелі құрылтайда президентіміз Сауысқандықтағы таңбалы тастардың ескерусіз қалуы туралы айтқан болатын, осыдан кейін жергілікті атқару органдарымен арнай жоспар жасалуда, біз соның ішіне қай бағыттағы жұмысты атқара аламыз?

**С.Ө.Билалов:** Сауысқандықтағы жартастағы суреттер бойынша айналысатын ғалымдар аз ғана.

**Төраға:** Осымен дереу айналысу қажет.

**К.А.Омаров:** Сейдалы Шиелі, Сарысу өлкелерінде орта ғасырлық ескерткіштер көп. Соны зерттеу сіздің объектіге айнала ма? Оны ешкім зерттемеген.

**С.Ө.Билалов:** Сырдарияның төменгі ағысы өңірлерін зерттеумен айналыстық. Ал жаңадан жобаны алу үшін алдыңғы жобаны аяқтауымыз қажет. Алдағы уақытта жоспарымызда бар.

**Төраға:** Қызылорда -Ақтөбе тас жолын 4 жолақты жол салыну, Бейнеу-Сексеуіл жолдарын жобалау қарастырылуда. Сол жерде археологиялық экспертиза жүргізу талабында бар. Сол жерде қаржы көзі бар. Соны назарға алу керек.

**С.Ө.Билалов:** Қазіргі жаңадан шыққан заң жобасында осындай жердің археологиялық экспертизасын жасау міндеттелген.

**Төраға:**Кезінде қаржы бөлініп С.П.Толстов экспедициясына кеткен жәдігерлердің тізімін картотекасын бір томын шығарғанбыз.

**С.Ө.Билалов:** Биыл екінші томы 2026 жылы шығады.

**Төраға:** Осы мәселе назарыңызға алынсын.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 33 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Археология және этнография ғылыми орталығының 2025 жылғы атқарған жұмысы туралы есебі назарға алынсын.
2. 2025-2028 жылдарға жоспарланған Германияның DFG қоры, Лондон археология музейі және Еуропалық ғылыми зерттеулер кеңесінің (ERC) халықаралық гранттық конкурстарына қатысу бойынша белсенді жұмыс жүргізу орталық жетекшісі С.Ө.Билаловқа тапсырылсын.
3. Жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері бойынша Scopus және Web of Science базаларындағы жоғары рейтингілі (Q1, Q2) журналдарда мақала жариялау көрсеткішін арттыру орталық жетекшісі С.Ө.Билаловқа тапсырылсын.
4. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында «Археологиялық олжаларды реставрациялау және консервациялау» ғылыми зертханасын толыққанды іске қосу мақсатында қажетті арнайы құрал-жабдықтармен жабдықтау мәселесі Экономика және қаржы департаменті директоры Н.Ж.Уразбаевқа және Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысы С.М.Ильясоваға тапсырылсын.
5. Өңірдің тарихи мұраларын сақтау мақсатында археологиялық жобаларды қаржыландыру көлемін қазіргі нарықтық экономикалық жағдайға сәйкес қайта есептеу және жаңартылған **сметасын әзірлеу** «Археология және этнография» ғылыми орталығының жетекшісі С.Ө.Билаловқа тапсырылсын.
5. Қызылорда – Ақтөбе тас жолын кеңейту (4 жолақты жол) және Бейнеу – Сексеуіл теміржол желісін жобалау барысында міндетті түрде жүргізілетін **археологиялық сараптама жұмыстарына** қатысу, келісімшарттар негізінде қосымша қаржы көздерін тарту бойынша ұсыныстар даярлау Орталық жетекшісі **С.Ө. Билаловқа** тапсырылсын.
6. С.П.Толстов экспедициясы кезінде ресейлік архивтер мен музейлерге кеткен жәдігерлердің тізімі мен картотекасын қамтитын **«Хорезм экспедициясының жәдігерлері» атты жинақтың 2-ші томын** 2026 жылдың соңына дейін баспаға дайындау және жарыққа шығару Орталық жетекшісі **С.Ө. Билаловқа** тапсырылсын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

5. «Шоқайтану» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Жетекшісі Сағат Тамшыбайұлы Тайман).

**Төраға:** Кун тәртібіндегі **бесінші** сұрақ бойынша «Шоқайтану» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі туралы баяндама жасау үшін сөз ғылыми орталық жетекшісі С.Т.Тайманға беріледі.

**С.Т.Тайман** өз кезегінде 2025 жылы орталық тарапынан жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жұмыстары, халықаралық байланыстар және жарияланымдар туралы мәлімет берді.

1. Ғылыми-зерттеу бағыттары: Мұстафа Шоқайдың мұрасын, Түркістан автономиясы тарихын және эмиграция кезеңіндегі қоғамдық-саяси қызметін зерттеу бойынша жұмыстар жалғастырылды.

2. Жарияланымдар: Орталық қызметкерлерімен Комитет ұсынған басылымдарда және халықаралық конференция материалдарында ғылыми мақалалар жарық көрді. Мұстафа Шоқайдың белгісіз қолжазбалары мен архив деректері негізінде жаңа еңбектер дайындалды.

3. Экспедициялар мен архив жұмыстары: Отандық және шетелдік (Түркия, Франция, Өзбекстан және т.б.) архивтермен өзара іс-қимыл нығайтылып, жаңа тарихи құжаттар айналымға енгізілді.

4. Іс-шаралар: Мұстафа Шоқайдың рухына тағзым ету, жастар арасында оның идеяларын насихаттау мақсатында дөңгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастырылды.

Назарларыңызға рақмет!

**Төраға:** баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

**Б.Қожамберлиев:** Университетімізді ғылыми-зерттеу университетіне трансформациялау мақсатында, Шоқайтану орталығының атын Алашордалықтармен байланыстырып кеңейтсек, сонымен қатар, Этнопедагогикалық орталық ашу керек деп ойлаймын. Ұлттық мәдени-педагогикалық орталықтың жұмысына университеттегі білікті мамандар мен этнопедагогика саласының ғалымдарын тартып, олардың ғылыми-зерттеу әлеуетін ұлттық тәрбие мен білім беру үдерісіне интеграциялау қамтамасыз етілсе деген ұсынысым бар.

**Төраға:** Ұсынысыңыз бойынша талдау жүргізіліп, ескеріледі.

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. «Мұстафа Шоқай» ғылыми-зерттеу орталығының 2025 жылғы қызметі туралы есебі назарға алынсын.

2. Мұстафа Шоқайдың ғылыми мұрасын цифрландыру және электронды базасын жетілдіру жұмыстарын жалғастыру, халықаралық деңгейдегі жоғары рейтингтік басылымдар базаларына кіретін жоғары рейтингті басылымдарда мақалалар жариялау белсенділігін арттыру, студенттер мен жас ғалымдарды орталықтың зерттеу жұмыстарына кеңінен тарту мақсатында арнайы үйірмелер мен ашық дәрістер ұйымдастыру Орталық жетекшісі С.Т.Тайманға жүктелсін.
3. «Шоқайтану» ғылыми орталығының зерттеу нысанын кеңейту мақсатында оның атауын Алаш мұрасымен байланыстыру бойынша зерделеу жұмыстары Орталық жетекшісі С.Т.Тайманға тапсырылсын.
4. Университет жанынан **«Ұлттық мәдени-педагогикалық ғылыми-білім беру орталығын»** (Этнопедагогикалық бағыттағы) ашу туралы ұсынысты зерделеу аппарат басшысы Г.К.Бердалиеваға тапсырылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

6. «Т.Д.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының» 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Жетекшісі Гүлмира Мыңбайқызы Абызбекова).  
**Төраға:** Күн тәртібіндегі **алтыншы** сұрақ бойынша Т.Д. Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының 2025 жылғы қызметінің қорытынды есебі туралы баяндау үшін сөз Орталық жетекшісі Гүлмира Мыңбайқызы Абызбековаға беріледі.

Баяндама барысында Орталық жетекшісі Г.М.Абызбекова 2025 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу және білім беру жұмыстарының нәтижелері туралы баяндады.

- Ғылыми жобалар бойынша: Орталық қызметкерлері (Г.М.Абызбекова, Б. Исламбекұлы) жалпы құны 63 млн 592 мың теңге болатын «Арал өңірі жағдайында жылыжай өндірісінің тиімділігін арттыру» (AP19677156) атты гранттық жобаны іске асыруға қатысуда.
  - Жас ғалымдарды қолдау бойынша: Ректор гранты аясында 1 млн теңгеден екі докторант (М.Камилаева және З.Ондаганова) ЖИ (AI) технологияларын химиялық білім беруде қолдану бойынша жобаларын бастады.
  - Студенттерді ғылымға тарту жұмыстары бойынша «Chem CLUB» және «Green Chemistry» үйірмелері жоғары нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, Республикалық пәндік олимпиадада және студенттік үйірмелер көрмесінде III орындарды иеленді.
- Инфрақұрылым: Орталық 1,5 штаттық бірлікпен (бас ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкерлер мен лаборант) қызмет атқаруда. Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет!

**Ш.М.Майгельдиева:** Ғылыми орталықтың бағыты қандай? Сіздің материалдарыңыз кафедраның есебіне де жатқызылады ма?

**Г.М.Абызбекова:** Нәтиженің барлығы біздің базада жасалған. Кафедрада толық жүктемедеміз, қосымша орталық жұмысын жасаймыз.

**Қ.А.Бисенов:** Ғылыми бағыттарыңызды әлеуметтік ғылымдар бағытынан химиялық ғылымдар бағытына ауыстыру керексіздер.

**Г.М.Абызбекова:** Орталық тарапынан жасауға болады.

**Төраға:** баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1.Т.Д. Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығының 2025 жылғы қызметі туралы есебі назарға алынсын.

2.Гранттық қаржыландыру, коммерцияландыру және Халықаралық жобалар конкурстарына қатысу бағытындағы жұмыстарды күшейту, жас ғалымдардың (Ректор гранты иегерлерінің) зерттеу нәтижелерін халықаралық жоғары рейтингтік базалардағы журналдарда жариялауды қадағалау Орталық жетекшісі Г.М.Абызбековаға жүктелсін.

3. Пәндік-педагогикалық және интегративті білім беру бағыттары бойынша зерттеулерді күшейту және оларды оқу үдерісіне енгізуді жалғастыру Орталық жетекшісі Г.М.Абызбековаға тапсырылсын.

4. Орталықтың материалдық-техникалық базасын заманауи құралдармен толықтыру бойынша ұсыныстар дайындау Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сақтағановаға және Орталық жетекшісі Г.М.Абызбековаға жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

**7. Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылының бірінші жартысында қабылданған қаулыларының орындалуы туралы (Комиссия төрағасы Әлібек Бақытжанұлы Жаппасбаев).**

**Төраға:** Күн тәртібіндегі **жетінші** сұрақ 2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында қабылданған Ғылыми кеңес қаулыларының орындалу барысы туралы есеп бойынша Комиссия төрағасы Алибек Бақытжанұлы Жаппасбаевқа сөз беріледі.

А.Б.Жаппасбаев есепті кезеңде өткізілген 10 мәжілістің (4 кезекті, 6 кезектен тыс) қорытындысы бойынша қаулылардың орындалуына тоқтады: Білім сапасы бойынша 11 шешім қабылданып, дуальды оқыту және шығармашылық емтихандарды цифрландыру бойынша тыңғылықты жұмыстар атқарылған. Инфрақұрылым бойынша мәліметтерді өңдеу орталығының (ЦОД) құрылысы мен моноблоктар сатып алу бойынша мердігерлермен жұмыс жүргізілуде. Алайда, нысанды пайдалануға беру мерзімі кешіктірілуде. Қаржылық тәртіп бойынша университет активтерін түгендеу және жалдау ақысын өндіру бойынша сот жұмыстары жүргізілуде. Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет!

**Төраға:** баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында қабылданған қаулыларының орындалу барысы туралы есебі назарға алынсын.

2. Ғылыми кеңестің №4 мәжілісіндегі 4-сұрақ «Platonus» ақпарат жүйесі мен оның барлық құрамдас бөліктерін университеттің Деректер өңдеу орталығына (ЦОД) көшіру және олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жұмыстарының орындалу мерзімі 2026 жылдың 15 сәуіріне дейін ұзартылсын.

3. Осы жұмыстардың орындалуына ай сайынғы мониторинг есебін ұсыну Стратегия және IT жөніндегі проректор М.Ж.Айтимовке және талап арыздың сот органдары арқылы қабылдануын қамтамасыз ету Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысы С.М.Ильясоваға жүктелсін.

**8. Монография, оқу құралдарын бекітуге ұсыну (Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағанова).**

**Төраға** Кун тәртібіндегі **сегізінші** сұрақ Монография, оқу құралдарын бекітуге ұсыну туралы Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағановаға сөз беріледі.

**Н.А.Сактағанова** университет ғалымдары мен оқытушылары дайындаған монографияларды баспаға ұсыну туралы баяндады. Ол ғылыми-техникалық кеңестің қорытындысы бойынша ғылыми кеңестің талқылауына алдын-ала сараптамадан және «Антиплагиат» жүйесінен өткен келесі еңбектер ұсынды:

1. «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын басқару: қазіргі үрдістер және мүмкіндіктер» монографиясы.. Авторы: э.ғ.к., **«Экономика және басқару» БББ доценті А.Ш. Абдимомынова.**

Пікір берушілер: Серік Биханұлы Мақыш – «Есіл университеті» профессор, экономика ғылымдарының докторы. Асылбек Оңдашұлы Ағымбай – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті КеАҚ, Экономика және қаржы кафедрасының экономика ғылымдарының кандидаты. Оралбаева Айжан Куантқановна – Қаржы, есеп және аудит БББ аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты. Еңбек көлемі -8,5 б.т. Еңбек өңірлік басқару, экономикалық саясат және аумақтық жоспарлау мәселелеріне арналған.

2. «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» бағыты бойынша ұжымдық монография. Авторы: «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» БББ жетекшісі, п.ғ.м. **Қуатбеков Шеризат Ниеталыұлы.**

Пікір берушілер: Баимбетов Куаныш Багдатович - «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ әскери кафедрасының бастығы, запастағы полковник, Ермаханов Бағлан Өмірзақұлы - Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университеті, Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, PhD., Мурзабеков Мейрамбек Қазбекұлы - Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық БББ аға оқытушысы, PhD. Монографияда ұшқышсыз ұшу аппараттарының даму тарихы, негізгі түрлері және қолдану аймақтары қарастырылып, әлемдік тәжірибе негізінде Қазақстан Қарулы Күштеріне енгізу перспективасы бағаланады. Монография стратегиялық жоспарлаушылар, ғылыми-зерттеу институттары қызметкерлері мен қорғаныс саласындағы және ЖОО студенттер үшін құнды ресурс болып табылады. Көлемі: 12,5 б.т. Антиплагиат бағдарламасынан өткен.

3. «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ профессор-оқытушылар құрамы: қауымдастырылған профессор, PhD **Элмира Уайдуллақызы**, аға оқытушы, п.ғ.м. **Абуова Айнагүл**, аға оқытушы, п.ғ.м. **Токмырзаева Гулжанат Ердаулетовна**, оқытушы, п.ғ.м. **Керейбаева Анар Умирзаковналардың** авторлығымен даярланған «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі оқу құралы РОӘК ұсынады.

Пікір берушілер: Майгельдиева Шарбан Мусабековна - Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ профессоры, п.ғ.д., Есназар Асель Жаңабергенқызы - Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, PhD доктор.

Оқу құралы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау бағыты бойынша білім алатын студенттерге арналған. Жаңартылған мазмұндағы «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі пәні бүгінгі қоғамның сұранысына сай және әдістеме ғылымының өзекті мәселелерінің шешімі ретінде жазылған. Оқу құралы болашақ

бастауыш сынып мұғалімдеріне пәнді терең әрі жан-жақты меңгеруге көмектеседі.. Көлемі: 25 б.т. Антиплагиат бағдарламасынан өткен. Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет!

**Төраға:** баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. Монография, оқу құралдарын бекітуге ұсыну туралы баяндама назарға алынсын.
2. Экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика және басқару» БББ доценті **Абдимомынова Алмакул Шакирбековнаның авторлығымен даярланған «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын басқару: қазіргі үрдістер және мүмкіндіктер»** атты монографиясы баспаға ұсынылсын.
3. Педагогика ғылымдарының магистрі, «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» БББ жетекшісі **Қуатбеков Шеризат Ниеталыұлының авторлығымен даярланған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі ұшқышсыз ұшу аппараттарын дамыту және оларға қарсы қорғаныс жүйелерін жетілдіру»** атты монографиясы баспаға ұсынылсын.
4. «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ профессор-оқытушылар құрамы: қауымдастырылған профессор, PhD **Элмира Уайдуллақызы**, аға оқытушы, п.ғ.м. **Абуова Айнагүл**, аға оқытушы, п.ғ.м. **Токмырзаева Гулжанат Ердаулетовна**, оқытушы, п.ғ.м. **Керейбаева Анар Умирзаковналардың** авторлығымен даярланған «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі оқу құралы РОӘК Республикалық оқу әдістемелік бірлестігіне қарастырылуға ұсынылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

**9. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне қауымдастырылған профессор дәрежесі қызметіне үміткерді ұсыну (Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағанова).**

**Төраға:** Күн тәртібіндегі **тоғызыншы** сұрақ бойынша ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне қауымдастырылған профессор дәрежесі қызметіне үміткерді

ұсыну туралы баяндау үшін сөз Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағановаға беріледі.

**Н.А.Сактағанова:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 33 наурыздағы №128 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру қағидаларына» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі №320 және ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қыркүйектегі №435 бұйрықтарымен енгізілген өзгертулер енгізілген), Ғылыми бағыттар сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 466 бұйрығына сәйкес (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.03.2025 № 124 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) төмендегі ПОҚ құжаттары талданып, талапқа сай нақтыланған үміткерлер назарларыңызға ұсынылады.

1. ҚР ҒЖБМ Комитетіне «Профессор» ғылыми атағына келесі үміткердің құжаты ұсынылады. Н.А.Аппазов (Биологиялық ғылымдар бойынша);
2. ҚР ҒЖБМ Комитетіне «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына келесі үміткерлердің құжаттары ұсынылады: Е.А.Назаров (Химиялық ғылымдар бойынша); Э.Ш.Елеуова (Ауыл, орман және балық шаруашылығы бойынша), Р.А.Турманов (Химиялық ғылымдар бойынша). Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет!

**Төраға:** баяндама аясында сұрақ, пікірлеріңіз бар ма?

**Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.**

**Қолдаушылар – 33 адам**

**Дауыс беру нәтижесі: иә- 33, қарсы, қалыс жоқ.**

**Қаулы қабылданды- 33 дауыспен.**

**Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1. ҚР ҒЖБМ Комитетіне «Профессор» ғылыми атағына келесі үміткердің құжаты ұсынылсын:

- Н.О. Аппазов (Биологиялық ғылымдар бойынша);

2. ҚР ҒЖБМ Комитетіне «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына келесі үміткерлердің құжаттары ұсынылсын:

- Е.А. Назаров (Химиялық ғылымдар бойынша);

- Э.Ш. Елеуова (Ауыл, орман және балық шаруашылығы бойынша)

- Турманов Рахымжан Ахметханович (Химиялық ғылымдар бойынша);

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

**10.** 2025-2026 оқу жылындағы қысқы қабылдау бойынша 1 курс магистранттар мен докторанттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту, қайта тағайындау және бекітілген тақырыптарға өзгерістер енгізу туралы (Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағанова).

**Төраға:** Күн тәртібіндегі **оныншы** сұрақ 2025-2026 оқу жылындағы қысқы қабылдау бойынша 1 курс магистранттар мен докторанттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту, қайта тағайындау және бекітілген тақырыптарға өзгерістер енгізу туралы баяндау үшін сөз Ғылым департаменті директоры Наргул Аманқызы Сактағановаға беріледі. Н.А.Сақтағанова сөз алып ғылыми кеңеске келесі ақпараттарды ұсынды:

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім алатын 1-курс докторантының докторлық диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерін бекітуге ұсынылады (2025-2026 оқу жылы, қысқы қабылдау)**

№	Докторанттың аты-жөні	Оқу тобы	Докторлық диссертация тақырыбы	Отандық кеңесші	Шетелдік кеңесші
1	2	3	4	5	6
<b>8D01101- Педагогика және психология</b>					
1	Оналбаева Гулзат Маратовна	ПП-25- 3д (з)	Болашақ педагог-психологтардың кәсіби әлеуетін педагогикалық практика жағдайында дамыту Развитие профессионального потенциала будущих педагогов-психологов в условиях педагогической практики Development of the Professional Potential of Future Educational Psychologists in the Context of Teaching Practice	Атемова Калипа Турсуновна - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Педагогика» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы	Мехмет Ташпынар Гази университетінің профессоры

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім алатын магистранттардың магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекітуге ұсынылады (2025-2026 оқу жылы, қысқы қабылдау)**

№	Магистранттың аты-жөні	Оқу тобы	Магистрлік диссертация тақырыбы	Ғылыми жетекшісі
1	2	3	4	5
<b>7М01518 - География ғылыми-педагогикалық бағыт</b>				
